

Қарағандының қысқа дайындығы қандай?
2-бет



Онлайн-несие немесе «қарыз-ғұмыр»
3-бет



Сезім дастаны: қойылымнан бір дерек
8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz



www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБИ, 17 МАУСЫМ, 2023 ЖЫЛ №67 (23 243)



www.facebook.com/ortalyq.kz/



info@ortalyq.kz

Құрметті жерлестер!

Медицина саласында қызмет ететін дәрігерлер мен барша қызметкерлерді Медицина қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл мереке күні біз барлық денсаулық сақтау саласы қызметкерлеріне, медбикелер мен дәрігерлерге, санитарларға олардың қажырлы еңбегі үшін алғыс айтамыз. Сіздердің қамқорлықтарыңыз бен қолдауларыңыз, кәсіби шеберліктеріңіз адам өмірін сақтап қалуға үлкен рөл атқарады.

Бүгінде облысымызда денсаулық сақтау саласын дамытуға баса назар аударылып, ауруханалар жөнделіп, фельдшерлік-акушерлік бекеттерді салу қолға алынууда. Жалпы алғанда, денсаулық сақтау нысандарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға көп көңіл бөлінуде.

Біз әрқашанда азаматтарымыздың денсаулығы сенімді қолда екеніне сенеміз және осынау ел алдындағы адал еңбектеріңіз үшін сіздерді ерекше құрмет тұтамыз.

Кәсіби мерекелеріңізге орай сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, қызметтеріңізге табыс тілейміз.

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі
Нұркен ҚОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Ынтыалы маманға – ықыласты қолдау

Қарағанды облысы Медицина қызметкерлері күні қарсаңында тың бастаманы қолға алды. Медициналық ұйымдарда жұмыс істеу үшін ауылдық жерлерге жіберілетін медицина қызметкерлеріне 1,5 млн. теңгеден 5 млн. теңгеге дейін сертификаттар тапсырылды. Мұндай әлеуметтік қолдау ел көлемінде алғаш рет жүзеге асырылып отыр. Бұл – «Дипломмен ауылға!» бағдарламасынан тыс көрсетілетін көмек. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев жас мамандарды кәсіби мерекелерімен құттықтап, жұмыстарына сәттілік тіледі.

өзіндік ерекшелігі бар. Ауыл адамдары бір-бірін танығандықтан, барлығы бір отбасының мүшелеріндей болып кетеді. Кәсіби жолымды ауыл ауруханасынан бастайтыным көңілдімді толқытқанымен, қорқыныш жоқ. Себебі, ол жерде ақылды айтып, дұрыс жол сілтейтін тәжірибелі мамандар бар, – дейді.

дицина қызметкерлері ауылдық жерде бес жыл жұмыс істеуге міндетті. Жас мамандар жұмыс істеп жүріп, әрі қарай оқуын жалғастыра береді.

Сонымен, Нұра ауданының орталық аудандық ауруханасының жалпы практика дәрігерлері Әділет Жақсылық, Әйгерім Каюпова, Айнұр Нұрғазы, Оса-



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақта алдағы екі жылда «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 92 медициналық мекеме салынады. Аталған жерлерге маман тарту мақсатында облыстық денсаулық сақтау басқармасының әлеуметтік көмек түріндегі бастамасын Ермағанбет Қабдулаулы қолдап, жалпы практика дәрігері, педиатр, акушер-гинеколог, анестезиолог-реаниматологтар 5 млн. теңге, кардиолог, хирург, невропатолог және офтальмологтар 3 млн. теңге, колледж бітіріп, ауылға барған акушерлер мен фармацевтер 1,5 млн. теңгеден алды.

– Ауылдық жерде жұмыс істеуге деген тілектеріңіз үлкен құрметке ие. Бұл – біз үшін үлкен қуаныш әрі мақтанш. Жас маман ретінде ауыл дәрігерлерінің мәртебесі мен беделін көтеру міндеті өздеріңіздің қолдарыңызда. Ал, өз тарапымыздан сіздерге жан-жақты қолдау

көрсетуге дайынбыз, – деген Ермағанбет Қабдулаулы жас мамандардың ұсыныстары мен идеяларын тыңдауға, сұрақтарына жауап беруге дайын екенін де жеткізді.

Нұра ауданының орталық ауруханасының жалпы практика дәрігері ретінде баратын Әйгерім Каюпова өз кезегінде ауылға келген дәрігерлерге көрсетілген қолдау үшін алғысын білдіре отырып, бүгінгі бастама жалғасын тауып, дәстүрге айналар болса, бұдан кейін де ауылдық өңірлердің медициналық кадрларын тапшы мамандармен толықтыру үшін тиімді әліс екенін айтты.

Ал, Осакаров ауданының орталық аудандық ауруханасына жалпы практика дәрігері ретінде баратын Дәрия-ханым Әбілсейітова – осы ауданның тумасы. Биыл Астана медицина университетін бітірген.

– Бала кезімнен көп ауырғандықтан, жиі ауруханаға түсетінмін. Ақ халат киген дәрігерлерге қызыға қарап өстім. Дегенмен, ауылдық жерде дәрігер болудың

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бибігүл Төлегенованың айтуынша, облыстың ауылдық жерлеріндегі медициналық мекемелерде жұмыс істеуге республиканың әр облысынан жас мамандар қызығушылық танытуда. Себебі, стандарттардың сақталуы бойынша облысымыз үздіктердің қатарында. Сәйкесінше, маусым айында өзге облыстардан ауылдық жерлерде жұмыс істеуге 25 маман келмек.

– Біз бірнеше бағыт бойынша дәрігерлерді шетелде оқытуды да қолға алмақшымыз. Атап айтқанда, халықаралық деңгейдегі дәрігер-тренингерлерді дайындаймыз. Ал, олар оқып келгеннен кейін әр қалаға шығып, білімдерімен тұрақты түрде бөлісетін болады. Сондай-ақ, тәжірибелерімен бөлісу үшін дәрігерлер кеңестері құрылады, – дейді Бибігүл Райханқызы.

Әлеуметтік көмек көрсету – алғашқы тәжірибе. Оны беру шарттары әлі де жетілдірілетін болады. Көмек алған ме-

карлов ауданының орталық аудандық ауруханасының жалпы практика дәрігерлері Дәрия-ханым Әбілсейітова мен Данил Чистяков, Қарқаралы ауданының орталық аудандық ауруханасының анестезиолог-реаниматологы – Сәнім Қапият, Абай ауданының аудандық ауруханасының жалпы практика дәрігері Заманбек Өнетов 5 млн. теңгелік сертификатқа ие болды.

Ал, орта медициналық қызметкерлер ретінде Бұқар жырау ауданының орталық аудандық ауруханасының акушерлері Мөлдір Серікболқызы мен Лаура Шаймардан, Нұра ауданының орталық аудандық ауруханасының акушері Виктор Алексеев, Қарқаралы ауданының орталық аудандық ауруханасының акушері Әмина Тіленші, Абай ауданының аудандық ауруханасының акушері Диана Байтұрсынова 1,5 млн. теңгеге сертификат алды.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2023 жылдың II жартыжылдығына арналған «Ortalyq Qazaqstan» облыстық газетіне жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, редакцияда ресімдеуге болады

Kaspi.kz
арқылы сүйікті басылымыңызға жазылыңыз!
«Төлемдер» бөлімі → «Іздеу» → «Жазылым төлемі» → Баспа басылымының атауы

Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Қала	
Көшіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5848,50 ТҒ
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3100,50 ТҒ
Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Аудан / ауыл	
Көшіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5919,00 ТҒ
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3111,00 ТҒ

Қарағанды қ., Ермеков к., 33
8 қабат, 88 каб.

Анықтама телефондары:
Руслан – 8-775-482-22-02
Ботагөз – 8-778-846-00-01
Нұрсұлу – 8-705-902-04-05
Тел.: 43-57-89
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

• ТАҒЫМ

Ленин орденді Ақын аға

Әсеттің Қызыларайдағы тұяқтары

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ


*Әсет те бір қыраның өді-ау сенің,
Құлжадан қайта келіп, қона алмаған.
(Ақын ағаның өлеңінен)*

Қызыларайға, Қапан мұғалімнің үйіне Ақын аға келіпті деседі ел. Өзіміз аудандық газетке өлеңдерім жарияланып, ақын бала атанған маған мына сөз елден ерек әсер еткен. Тірі ақынды көрмеген маған бұл бір тосын оқиға еді.

60 жылдары он-он екі жасар бала едік. Өлеңдеріміз аудандық «Қызыл Ту» (кейіннен «Арқа еңбеккері»), ара-тұра облыстық «Орталық Қазақстан» газеттеріне шыға бастаған. Сәкен, Ілияс, Бейімбеттер жаппай ақталып, кітаптары дүкен сөрелеріне қаптай түсіп жатқан кез. Әскерден жана келіп, бізге сынып жетекшісі болған қаталдау Қапан мұғалім маған Ілиястың бір томын сыйлап: – «Құлагерді» оқы, ақынның ақыны осы! – деген. Ол да Әсет ақынның бір тұяғы, осы ақсақалдың немере туысы. Бір ай бойы қайталап оқып, жаттап та алып едім.

Қай ақынды болса да әдеби орта деген болады. Менің ортама Әсет жырының білгірі Боздақтың Әубәкірі, алғаш рет Ілияс жырымен тамсанған Қапан мұғалім болды. Жаратылысы бөлек, қазақ ауызша тарихының білгірі Ақын ағалар, жаны жайсаң Алаш азаматтары, Ақсораңның қасиетті топырағы болды.

► 6-бет



• ПӘН ОЛИМПИАДАСЫ

Білімді балғындар жетістігі

Алматы қаласындағы Ш.Смағұлов атындағы облыстық мамандандырылған физика-математика мектеп-интернатының базасында 2-4 сынып оқушыларына арналған XVI республикалық математикалық «Бастау» олимпиадасы өтті. Еліміздің барлық аймағынан 150 оқушыдан құралған 46 команда қатысты.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Олимпиада бастауыш сынып оқушыларының математикалық қабілеті ерекше дамыған дарынды балаларды айқындау, қолдау, математикадан білімін тереңдету және кеңейту мақсатында ұйымдастырылды. Сайысқа қатысушылар 3 тур бойынша білім сынасты. I тур «Әу, баста!» (командалық сынақ), II тур «Асық» (командалық сынақ), III тур «Математикалық бәйге» (жеке сынақ) деп аталды.

Оқушылардың жұмыстарын мамандандырылған оқу орындарының математика пәнінің мұғалімдері бағалады. Жеке кейін Қарағанды қаласы С.Сейфуллин атындағы гимназияның оқушылары Айзере Медеу мен Әсия Қаракесекова жүлделі III орынға ие болды. Жалпыкомандалық есепте Қарағанды қаласындағы С.Сейфуллин атындағы гимназия II орынды және №95 мектеп-гимназия III орынды иеленді.

Олимпиаданың бас жүлдесі мен кубогын Астана қаласындағы республикалық физика-математика мектебінің командасы жеңіп алды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар мен сертификаттар табысталды.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 490.04

• USD/KZT 451.82

• RUB/KZT 5.39

• CNY/KZT 63.15

Қазақстан Ұлттық Банкінің 16 маусым, 2023 жылғы дерегі бойынша



• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Ауданда автокөпір салынады

Бұқар жырау ауданы Ғабиден Мұстафин ауылында Нұра өзені үстімен автокөпір салынады. Жұмыс барысын ауыл тұрғындары бақылайды. Олар өз ескертүлері мен ұсыныстарын Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаевпен кездесу барысында айтты.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақ басшысы жұмыс сапарымен Бұқар жырау ауданына барды. Ботақара кентінің Мәдениет үйінде тұрғындармен кездесіп, аймақты ауыз сумен қамтамасыз ету, жол жөндеу, ЖТҚ (жеке тұрғын үй құрылысы) үшін инженерлік инфрақұрылым салу және үйлерді қалпына келтіру секілді аудан дамуының басым бағыттарын атап өтті.

Дәстүр бойынша кездесу баяндамасыз, сұрақ-жауап түрінде өтті. Ауыл тұрғындары ең алдымен ТКШ, жол жөндеу және тұрғын үй мәселелері толғандырды. Шалғайдағы ауыл тұрғындары байланыстың нашарлығы мен жайылымның жоқтығына шағымданды.

Биыл ауданда мал шаруашылығын дамыту бойынша пилоттық жоба жүзеге асырылуда. Көкпекті, Белағаш, Тоғызқұдық, Ростов ауылдық округтерінде, Баймырза ауылдық округінде және Жаңаталап кентінде шалғайдағы жайылымдарды пайдалану үшін қажетті инфрақұрылым құрылатын болады. Жоба аяқталу сатысында.

Ғабиден Мұстафин кентінің жергілікті өзін-өзі басқару өкілі Нұра арқылы өтетін автомобиль көпірін салу мәселесін көтерді.

Өңір басшысы тұрғындарға ауыл тіршілігіне жанашырлық танытқаны үшін алғысын білдірді: – Сіздердің бақылауларыңыздан артық ештеңе жоқ. Жағдайды бақылап отырғандарыңыз жақсы. Ал құрылысқа жауаптыларға келетін болсақ, сіздер халықпен жұмыс істеуді үйренулеріңіз керек, түсініспеушіліктер болмауы үшін бәрін егжей-тегжейлі түсіндіруге тиіссіздер, – деді Ермағанбет



Бөлекпаев.

Халықпен кездесуден бұрын аймақ басшысы Доскей ауылында болды. Мұнда «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы бойынша Мәдениет үйі салынып жатыр және су желілерін қайта жаңғырту жұмыстары іске асырылуда. Қазірдің өзінде 1,8 км су құбыры желісі салынған. Сорғы мен БӨП (бақылау-өткізу

пунктіне) арналған шұңқырлар қазылды. Төрт ұңғыма бұрғыланды, сорғы станциясының қоршауы орнатылды.

Сондай-ақ, Қушоқы су құбыры

лықтың 98,9%-ы орталықтандырылған сумен қамтамасыз етіледі.

Ауыл тұрғындарының өтінішімен Доскей ауылында Мәдениет үйі салынып жатыр. Құрылысы былтыр



желілерін қайта жаңарту жұмыстары жалғасуда. Ақжар мен Астаховкада су құбырының құрылысы, Трудовой ауылында қайта құру басталды. Аудандық бюджет есебінен Суықсу, Төрткөл, Семізбұға және Үлгі ауылдары сумен қамтамасыз ету жұмыстары аяқталды.

2023 жылдың соңына қарай ауданның 60 елді мекені немесе ха-

басталған ғимаратта 200 орындық көрермен залы, үйірме жұмысымен айналысуға арналған кабинеттер болады. Монолитті іргетас құйылды, су құбыры, сыртқы электр желілері тартылды, трансформаторлық қосалқы станция орнатылды. Қазір құрылысшылар монолитті бағандарды құйып жатыр. Мәдениет үйі 2024 жылдың соңында пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Сонымен қатар, Тұзды, Қушоқы және Ақтөбе ауылдарында клуб жөнделеді. Ауданның жолына назар аударылуда. Ауданның 15 елді мекенінде 50 шақырым жолды жөндеуге қаражат бөлінді. Заречное және Красная Нива ауылдарына кірме жолдар да жөнделеді.

Кездесуден кейін Ермағанбет Бөлекпаев тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Бұқар жырау ауданы

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Оңалту ісіндегі оң қадам

Әлеуметтік әділдікті сақтау, жаза басқан адамдарды қоғамға қайта бейімдеу асқан қажыр-қайратты қажет етеді. Бұл тұрғыда олардың көзқарасын дұрыс бағытта бұру, жұмыспен қамту, психологиялық және заңгерлік кеңес берудің маңызы зор. Бұл туралы облыстық өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте баяндалды.

Сағынш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сонымен қатар, брифингте Қазыбек би ауданы әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Ринат Қаржасбаев, Қарағанды және Ұлытау облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің пробация қызметінің бастығы Анар Уменова, «Мир добра» ҚБ төрағасы, «ҚР Қызыл Жарты Ай қоғамы» ҚБ Қарағанды облыстық филиалының директоры Татьяна Абрамова бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға психологиялық және заңгерлік кеңес беру тақырыбында егжей-тегжейлі айтып өтті.

Биыл Қарағанды қаласында екі аудан әкімдігінде бас бостандығынан айыру орындарынан босап келген адамдарды оңалту, оларға құқықтық және психологиялық көмек көрсету бойынша екі жоба жүзеге асырылып жатыр. Оны «Граждани Казахстана» және «Мир добра» атты екі қоғамдық бірлестік мойнына алған. Жоба аясында биыл 150 адамды қамтулы жоспарлап отырмыз. 10 жұмыстық кездесу және дөңгелек үстел өткізумен қатар 200 дана ақпараттық-танымдық кітапша тарату күн тәртібінде тұрған мәселе, – дейді Қазыбек би ауданы әкімінің орынбасары Ринат Қаржасбаев. Жазасын өтеп келгендерді ортаға бейімдеу, олардың қайта қылмыс жасамауының алдын алуда қала ба-



сында жүйелі жұмыстар атқарылып жатыр. Қолға алынған ауқымды екі жоба пробация қызметі есебінде тұрғандарға кедергісіз орта қалыптастыруға негізделіп жасалған.

– Пробация қызметі есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру мақсатында жергілікті жұмыспен қамту орталығымен бірлесіп отырып, бос жұмыс орындарының 14 жәрмеңесін өткіздік. Нәтижесінде 17 адам жұмысқа тұрды. Оларды жұмыспен қамту бойынша 95 кездесу өткізілді. Жұмысқа орналасқандарды да назардан тыс қалдырмаймыз. Пробация қызметкерлері олардың жұмыс орнына барып, кездесулер ұйымдастырып тұрады,

– дейді Анар Уменова.

Қазіргі уақытта пробация қызметі есебінде қала бойынша 632 адам тұр. Олардың қайта қылмыс әлеміне оралмауы үшін психологиялық тұрғыда курстар өткізуде «Мир добра» қоғамдық бірлестігі жүйелі жұмыс жасауда. Бұл туралы бірлестік директоры Татьяна Абрамова қысқаша түсіндіріп берді. Ең бастысы, есепке алынған барлық адамның психологиялық жағдайы жан-жақты тексеріледі. Бұл әрбір сотталғанға психологиялық портрет жасауға, есептегендердің қабілеті мен бейімділігін анықтауға мүмкіндік береді.

• БРИФИНГ

Қарағандының қысқа дайындығы қандай?

Маусымнан басталған аптап ыстық қытымыр қаңтарға айналып келетінін ескерсек, қамданудың маңызын іштей түйсінетіндейміз. Биыл жылыту маусымына дайындық қарқынды көрінеді. Облыс әкімдігі тарапынан арнаулы штаб құрылды. Тісті бағдарлама мен жұмыс кестесін қабылдаған құзырлы органдар жұмысы бақында Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ербол Төлеуов Өңірлік коммуникациялар алаңында журналистер қауымына баяндап берді.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңірде жеті жылыту орталығы бар. Жылыту маусымына биыл 16 млрд. теңге қарастырылған. Бұл сома 45 жылу қазандығы мен тоқ өндіретін 29 генераторды жаңарту мен жөндеу жұмыстарына жұмсалмақ. Бұдан бөлек облыс бойынша 1 113 әлеуметтік нысанға 660 автономды жергілікті қазандықтар жұмысына 1 млрд. 600 млн. теңге қарастырылған. Жылу қуатын тасымалдайтын жылуотрэнзит жұмысының бағыты бойынша 22 шақырымнан астам

жылыту желісі ауыстырылатын болады.

Электр жүйелері бойынша 13 млрд. сомасындағы қаражатқа тиісті жабдықтар, трансформаторлар орнату мен желілер тарту жұмыстары қолға алынады. Көріз жүйесін оңдау ісіне 23 млрд. теңгеден астам қаражат жұмсалатын болады. Қала орталығында орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған 5 743 көпқабатты тұрғын үй бар. Бұл тұрғын үй саны бойынша Қарағанды қаласы Алматы қаласынан кейінгі екінші орында. Сол үйлердің даярлық паспорттары дайындау әрдайым өзекті. Жертөлелердегі жылу түйіндерін қалыпқа келтіру жұ-



мыстары атқарылууда. Сонымен, бұл салаға 96 млрд. теңге жұмсалатын болады.

– Көріп отырғандарыңыздай, бұл сома былтырғыдан 24 млрд. теңгеге артық. Алдымызда өте ауқымды жұмыс жоспары, кешенді іс-шаралар легі бар. Оны қысқа дейін

аяқтау міндеті тұр, – деді спикер.

Тілішілердің біркатарын Теміртау шаһарындағы жылыту маусымына дайындық шаралары толғандырды. Спикердің сөзінше, онда қазірдің өзінде алты ірі жоба қолға алынған. Қаланың өн бойында жаңа жылу

желілері салынууда. Сондықтан, биылғы қысты металлургия қаласы «тоңбай» өткізеді деген сенім бар.

«Монополистердің Жылыту маусымында тариф көтеретіні жайлы ақпарат тарап жатыр, бұған не дейсіз?» деген әріптес сауалына Ербол Уәлиұлы былай деді:

– Тариф текетіресі көп жылдан бері жалғасып келе жатқан қаржылық құбылыс. Естеріңізде болса, үкімет тарапынан монополистерге қызмет бағамын көтеруге тыйым салынған еді. Есесіне олардың техникалық ахуалы нашарлап кеткенін қоса ескеруіміз қажет болады. Орын алған апаттардың біркатары сол себептен болды. Екібабтұз, Риддер, Степногорск қалаларындағы оқиғалар – соның салдары. Сондықтан, бұл арада «инвестициялық тариф» бағдарламасы іске асады. Оның өзіндік алгоритмі бұқараға таныстырылып жатыр. Сайып келгенде, мұның бәрі қытымыр қыстан қалтырап қалмау мақсатында жасалынып жатқан бастамалардың бір парасы.

Брифинг соңында спикер журналистер сауалдарына жауап беріп, ынтымақтастық негіздегі жұмыстың жалғасуына сенім білдірді.

• «ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ КҮНІ» ҚАРСАҢЫНДА

Ерлігі ерен сақшылар

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев «Қазақстан Полициясы күні» қарсаңында қызметте ебегі ерен учаскелік полиция инспекторларын марапаттады. Аймақ басшысы келесі жылдан бастап «Үздік учаскелік инспектор» номинациясында арнайы сыйақы тағайындауды ұсынды.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Сіздерді алда келе жатқан кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймын. Сіздер тәулік бойы аптасына жеті күн қоғам тыныштығын кірпік қақпай күзететін тәртіп сақшысысыздар. Біз мұны бағалаймыз және полиция органдарының материалдық-техникалық жабдықтауын қамтамасыз ету үшін барлық жағдайды жасауға тырысамыз. Биыл полицияның қажеттіліктеріне екі миллиард теңгеден астам қаржы бөлінді. Келесі жылдан бастап

деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Кездесу соңында қызметте еңбегі бар учаскелік инспекторлар марапатталды. Оның алтауы облыс әкімінің Алғыс хатын алды.

Полиция майоры Азамат Төрежанов Осакаров ауданында Николаев ауылдық округінің учаскелік инспекторы болып қызмет етуде. Оның жедел қызметінің арқасында былтыр қатты қарлы боран кезінде жол бойында жаңа туған нәрестемен қалып қойған отбасы құтқарылды.



«Үздік учаскелік инспектор» номинациясы бойынша 2 млн. теңге көлемінде арнайы сыйақы тағайындауды ұсынамын. Тек оны халықтың шын көңілінен шыққан лайықты полицейлер алуы керек, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Аймақ басшысының учаскелік инспекторлармен кездесуі алғаш рет ұйымдастырылып, Қарағанды облысының Полиция департаментінің бастығы Санжар Әділовтің қатысуымен өтті.

– Бүгінгі таңда облыстағы учаскелік полиция инспекторларының штат саны 535 адамды, 53 көмекшіні құрайды. Соңғы үш жылда учаскелік полиция инспекторларының әлеуеті едәуір артты. «Қадамдық қолжетімділік» қағидаты бойынша былтыр полицияның үш жаңа учаскелік пункті ашылды. Біздің өңірде Теміртау мен Қарағандыда екі шыны пункт жұмыс істейді. Олардың елде баламасы жоқ. Инспекторлар құқық бұзушылардың әрекеттерін тіркеуге арналған бейне жетондармен және планшеттермен жүз пайыз жабдықталған. Біз полиция жұмысын жетілдіруді жалғастырамыз, – деп атап өтті Санжар Әділов.

Өңірде учаскелік полиция пункттерін біртіндеп жаңарту жоспарлануда.

– Қолда бар пункттерді жөндеу бойынша үш жылдық жоспар әзірленеді. Сондай-ақ, инспекторлар өмір сүріп, жұмыс істей алатын іргелес үй-жайларды бөлу мәселесі шешілуде. Инспекторлар үшін қарапайым жағдайлар жасау керек. Бұл сұрақ менің жеке бақылауымда, –

– Ішкі істер органдарында 2008 жылдан бері қызмет етіп келемін. Екі ағамның ізінен еріп, осы саланы таңдадым. Олар мен үшін үлгі болды. Осы мамандықты таңдағаным өкінін емесін. Керісінше, өз жұмысымды жақсы көремін. Әсіресе, адамдарға көмектесе алғанда, – деді Азамат Төрежанов.

Б.Бейсенов атындағы ПМ Қарағанды академиясының түлегі, полиция капитаны Ернұр Атқенов – Қарқаралы ауданы Нұркен Әбдіров ауылдық округінің учаскелік инспекторы. Бір жарым жыл бұрын ауқымды өрт кезінде өз өмірін қатерге тігіп, жанып жатқан пеш құрылысының ішінен газ баллонын шығарып алды, осылайша ауыр зардаптардың алдын алды.

– Ішкі істер органдарына келгенде, біз еліміз бен халқымыздың игілігі үшін қызмет етеміз деп ант береміз. Мен оны әрқашан есімде сақтаймын. Жұмыста түрлі жағдайлар болады, өмірімізге қауіп төнетін кездер де көп. Бірақ, қиын кезде көмек көрсету – біздің міндетіміз, – дейді Ернұр Атқенов.

Сондай-ақ, Қарағанды қаласының ПБ Орталық полиция бөлімінің учаскелік полиция инспекторы Жасұлтан Шохабаев, Теміртау қаласының ПБ Ескі қалалық полиция бөлімінің учаскелік полиция инспекторы Марат Рымбеков, Шахтинск қаласының ПБ учаскелік полиция инспекторы Медет Құлтасов, Шет ауданы ПБ учаскелік полиция инспекторы Ақжол Ахмет Алғыс хатпен марапатталды.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• МӘСЕЛЕ

Онлайн-несие немесе «қарыз-ғұмыр»

Банк пәтшағардың екі мыңыншы жылдың ортасынан басталған «несие бергіш» «патша көңілі» жұртты оңсыз отыра алмайтын ғаріп қылды. Бұл күні он төрт миллион қазақ несие алмаса, ішкені бойына жұқпайтын, есірткісіз тұра алмайтын нашакор секілді. Содан шығар, қарыз қолға тигенде, банк тап бір тегін бергендей кешетін ғажап күй бар. Одан соң несие төлерде, тапқаныңызды жеткізе алмайтын азап күй бар. Содан соң борышкер сұға кетпес үшін тал қармауға көшеді. Ол «талы» да бір оңған тал емес. Екінші несие. Оны алып, мына қарызын жабады. Өзін алдайды. Бірақ, банкті емес. Береке бермейтін, жүйкені жүндей түтетін, қол-аяққа кісенді қостап салатын жылдарға жалғасатын қарыз-ғұмыр осылай басталады. Ол, жаба алмаңыз, банк атаулының «қарызын өтемейтін онбаған» деген қара тізіміне іліккенше жалғаса береді...

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Құжаттарда өзгеріс

Миллионның арасынан несие таңбасы басылмаған адам табу қиын қазір. Әрине, төрт құбыласы түгел тұрса, несиеде несі бар дерсіз. Дегенмен, мақсатты несие мен малшашпақ несие екі бөлек. Ал жалпақ елдің жартысы сол малшашпаққа әуес. Оны қанша қызыл кеңірдек боп айтысып, жаға жыртқысып, намыстансақ та, жоққа шығара алмаймыз енді, кешірсіз. Жә!

«Бір қызым бір қызымнан сорақы» дегендейін, банктен қалған құр сұлдені енді ылдым-жылдым онлайн-несие теспей соруға кіріскелі біраз жыл. Микронесиенің әлегінен арылуды былтыр Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та Үкіметтің кеңейтілген отырысында атап айтқан-ды. Онда Президент өзге елдердің кепілсіз микронесие алуға тыйым салған тәжірибесін зерттеуді қатаң тапсырған. Биыл осыдан бірер ай бұрын бұл мәселе Мәжілістің

қабырғасында қозғалды.

Депутат Ержан Бейсенбаев қашықтықтан, онлайн-несие алуға тыйым салуды ұсынған еді. Депутат сүйенген уәж – мұндай ұйымдардың несие беруде несие алушының төлем қабілетін ескермейтіндігі. Содан барып, қарызды уақытылы төлеу туындауы. Бұл – қол қойып, сенер уәж. Құдай жақтар ақиқаты да осы. Әзірге бұл ұсыныс қана. Әйтсе де, құзырлы орындар бұл орайда заңнамалық негіздегі құжаттарға өзгерістер енгізді. Онда пайыздық сыйақысы төмендеді. Бұған дейін олар тұтынушының қалтасын қағып түсіретін еді.

Осыған орай Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 26 мамырдағы қаулысымен Ұлттық банктің «Микронесие беру шарты бойынша сыйақының шекті мәнін белгілеу туралы» қаулысына өзгеріс енгізгенін Zakon.kz хабарлады.

Түзетулерге сәйкес азаматтармен 45 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге кепілсіз микронесие бойынша сыйақының шекті мөлшері тәулігіне 1%-дан



Қазақстанда қанша микроқаржы ұйымдары бар?

Қазақстанның микроқаржы ұйымдары қауымдастығының дерегінше, елде мұндай 973 ұйым тіркелген. Барлығының осы бағытта қандай да бір операция атқаруына рұқсаты бар. Ал «казкредит.ком» сайты елде 16 маусымдағы дерек бойынша 1159 микроқаржы ұйымы барын мәлімдейді.

Ашық ресурстағы деректер соның ішінде, бірінші несие бюросының мәліметі Қазақстандағы экономикалық белсенді адамдардың саны – 9,23 млн. екенін, тек оның 1,7 млн-ы мүлде несие алмағанын алға тартады. Қалған 7,5 млн. қазақстандықтың банк пен басқа да қаржы ұйымдарында несиеі бар. Ипотеканы

көспанда, қазақстандықтардың несие қарыздарының жалпы сомасы 8 трлн. теңгеге жуықтағанын жариялаған-тын. Былтыр бір жылда агенттіктің айтуынша, микроқаржы ұйымынан қаржы алғандардың қарызы 45 миллиард теңгеден асқан. Аз сома емес, әрине.

Ал, былтыр елімізде онлайн ақша алған 28 мың адамның несиеі толық кешірілді. Алдыңғы, 2020 жылы 500 мыңға жуық адамның несиеісін өтеуді Үкімет өз мойнына алған-ды. Бұл туралы да Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі хабарлағаны мәлім. Бірақ, бұл да шешім емес.

Ал, былтыр елімізде онлайн ақша алған 28 мың адамның несиеі толық кешірілді. Алдыңғы, 2020 жылы 500 мыңға жуық адамның несиеісін өтеуді Үкімет өз мойнына алған-ды. Бұл туралы да Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі хабарлағаны мәлім. Бірақ, бұл да шешім емес.

Қаржылық сауаттылық – төмен Тіпті, сәуір кезінде шағын несие беру жасын 18-ден 21-ге

көтеруді де ұсынған еді бірқатар ұйымдар. Олардың айтуынша, жастар несие алып, оны құмар, ие, қаржы пирамидаларына құятын кездері жиілеген. Оның соңы сарсаңға салары айдай анық. Бірақ тыйым салудың да «табылған ақыл» еместігін микроқаржылық ұйымдар қауымдастығының директоры Ербол Омарханов та БАҚ-қа берген сұхбатында атағанды. Оның ойынша, халықтың қаржылық сауатын арттыру қажет.

Несие беру жасын ұлғайтпай, құмар ойын ойнайтын жерлерді жауып, қаржы пирамидаларын түбегейлі жою керек. Сонда салдарымен күреспей, мәселеден толықтай арыламыз. Ал несие көлемінің артуына келсек, меніңше бұл мәселені халықтың қаржылық сауатын арттыру арқылы кешенді түрде шешу керек, – деген болатын ол.

«Онлайн-несие тыйылуы тиіс!»

Бұл кейінгі 4-5 жылда сарапшылардың да, депутаттардың да аузынан жиі шыға бастады. Бұған көршілес ел – Ресей де бас қатырып отыр. Өйткені, микроқаржы ұйымдарға банктерден кредит алуға мүмкіндігі жоқ адамдар жүгінетіні мәлім. Мұндай ұйымдардың қарыз алушыға қояр талабы да аса күшті емес. Таза жоққа тән. Содан да қарыз беру реті жеңіл. Қазақстандықтар тарапынан онлайн қарызға сұраныстың өсуі де содан деседі сарапшылар. Алуын алып, сонында сормандай күйге жеткізген оңай онлайн-несие қайтсе азаяды? Оның өзін қаржы нарығын реттеу елдің проблемалық несие тізімінің тоқтар түрін көрмей отыр.

Сол себепті де «тыйым» туралы ұсынысқа қоғам ойлануы тиіс-ті. Ойдың соңы оңтайлы шешімге апарды деген сенім де жоқ емес. Бір қарасаныз, тыйым да – шешім.

• БАЙҚАУ

Отан отбасынан басталады

Мемлекеттік қызметшілер күні қарсаңында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті мен Қарағанды қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі бірлесіп, мемлекеттік қызметшілер арасында «Отбасым – ұйым, отбасым – тірегім» және «Дәстүрден тағылым» байқауларын өткізді. Байқауға түрлі салада еңбек ететін мемлекеттік қызметшілер қатысты.

Байқау шымылдығын Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысы Ербол Жолданғар ашып, отбасы құндылығына тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Байқауға қатысқан түрлі салада еңбек ететін мемлекеттік қызметшілерден құралған төрт өнегелі отбасы өздерін таныстырып, ұлттық салт-дәстүрлер туралы

сахналық қойылым қойып, өнерлерін ортаға салды.

Бірінші кезеңде қатысушыларға шығармашылық еркіндік берілді. Музыкамен көркемдей отырып, арнау өлеңмен, қара сөзбен, әнмен әрлеп, фото, бейне-контенттерді пайдаланып, отбасылары жайлы жан-жақты айтып берді.

Екінші кезеңде қатысушылар ұлттық құндылықтарды насихат-



тайтын мақал-мәтелдерді айтып жарысты. Сайыстың үшінші кезеңін-

де отбасылар салт-дәстүрден ұзақтығы 5 минуттан аспайтын көрініс көрсетті. Көрермен

жүрегіне жол табу үшін, әр отбасы халқымыздың ежелден келе жатқан дәстүрлерін қайта жаңғыртты.

Төртінші кезеңінде отбасылар ұлттық-музыкалық аспаптарда ойнап, әннен шашу шашты. Домбыра да шертілді, өлең де оқылды, дзюдодан күрес өнері көрсетілді, көрерменді орнынан тұрғызған «Атамекен» әні шықалды.

Шара қорытындысында, Рахымбергеновтер отбасы «Дәстүрден тағылым» байқауында жүлделі I орынға ие болды. Мұқановтар отбасы «Отбасым – ұйым, отбасым – тірегім» байқауында I орынға жайғасты. Омашевтар мен Нұрпейісовтерге Алғыс хат табысталды.

Аққайың СЕРҒАЖЫ, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің II курс студенті ҚАРАҒАНДЫ

• ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Муляж апатты азайта ма?

Жаздың алғашқы 12 күнінде облыста 12 жолкөлік оқиғасы болып, сегіз адам қаза тапты. Жол апаты Бұқар жырау, Ақтоғай, Осакаров, Абай аудандары мен Теміртау, Қарағанды қаласында тіркелген. Қарағандылық полицейлер тас жолдардағы жол апатын азайту үшін аймақтың көлік көп жүретін тас жолдарына патрульдік көлік пен үй жануарларының муляжын қойған. Жүргізуші оны көргенде жылдамдығын азайтады екен.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың ПД полиция басқармасының бастығы Санжар Әділовтің айтуынша, жолдағы қайғылы оқиғалардың басты себебі – жылдамдықты шамадан тыс арттыру және жүргізушілердің жол ережесін сақтамауы.

Мысалы, жақында «Алматы-Екатеринбург» тас жолында Lexus көлігінің 55 жастағы жүргізушісі, жылдамдықты шектен асырып келе жатып, басқа Lexus көлігімен соқтығысқан. Салдарынан соңғы көліктің жүргізушісі оқиға орнында көз жұмды. 12 маусымда «Алматы-Екатеринбург» тас жолының Теміртау бағытында 57 жастағы Audi жүргізушісі, маневр жасау кезінде VA3-2114 көлігімен соқтығысқан. Оқиға салдарынан VA3-2114 көлігінің 24 жастағы жүргізушісі мен Audi-дің 56 жастағы жолаушысы қаза тапты. Қауіпсіздік қашанда жүргізушінің жолдағы мінез-құлқына байланысты, – деді Санжар Әділов.

Қазірдің өзінде 17 ексерту баннері, патрульдік көліктердің 2 муляжы, апаттан кейінгі 6 көліктің сынықтары, 32 сөндіргіш шам орнатылды.

Ал, «Қызылорда-Павлодар» тас жолының 861-867 шақырымында, Қрасная Поляна ауылының маңында жылқылардың макеті орнатылған. Бұл аудан аумағында малдың несіз жайылуының кесірінен оқыс оқиғалар жиі орын алатыны атап өтілді.

Айбын асқақтатар «Айбын» басталады

«Жас сарбаз» республикалық әскери-патриоттық қозғалысының жыл сайынғы дәстүрге айналған «Айбын» әскери-патриоттық жиыны биыл тоғызыншы рет өткізілмек. Елорданың 25 жылдық мерейтойына орайластырылып, халықаралық деңгейде өтетін жынға Өзбекстан, Әзірбайжан Республикасынан қатысушылар келеді. Патриоттық жиынның Қарағандыда өтетіні де айта кеткен жөн.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Еліміздің барлық аймағында бұған дейін «Айбын» әскери-патриоттық жиынына қатысуға іріктеу турнирлері өткен болатын. Аудандық, қалалық, облыстық турнирлерге 14 пен 17 жас аралығындағы оқушылар қатысып, бақ сынасты. Патриоттық жиынға қатысқысы келетін оқушыларға мүмкіндік мол екенін айта кеткен жөн.

Жас буынның бала кезінен патриоттық сезімін қалыптастыруға «Айбынның» ықпалы зор. Бүгінде «Айбын» әскери-патриоттық жиынының алғашқы қатысушылары болған жас сарбаздар елімізде ғана емес, алыс-жақын шетелдерде білім алып, ел игілігіне



Сурет ашық дереккөзден алынды. «Айбын – 2022»

кәсіптік бейімдеу мақсатында оқушыларды даярлайтын республикалық үш «Жас ұлан» мектебі бар. Олар Алматы, Шымкент, Қарағанды қалаларында орналасқан. Бұл мектептер 2015 жылдан бері ҚР Қорғаныс министрлігіне қарайды. Сонымен қатар, Астана қаласында Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Әскери колледжде де білім алады. Жыл сайын жоғары әскери оқу орындарына тәрбиеленушілердің шамамен 55-56 пайызы оқуға түседі екен.



РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

«Айбын» әскери-патриоттық жиынының өтуіне бөлінетін қаржы жыл сайын жиынның қамту аймағы, сапалық құрамына байланысты. Жалпы, патриоттық жиын ҚР Қорғаныс министрлігінің қолдауымен өтеді.

«Айбын» әскери-патриоттық жиыны өткізуде Қарағанды аймағының таңдалып алынуы да тегін емес. «Жас сарбаз» республикалық әскери-патриоттық қозғалысының баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, өңірдегі Спасск оқу-жаттығу орталығының географиялық аймағы, оқу-жаттығу орталығының материалдық-техникалық базасы жиынды өткізуге өте қолайлы. Сондай-ақ, қатысушылар үшін орталық аймаққа келіп-кету мүмкіндігі де ыңғайлы көрінеді. Патриоттық жиын Қарағанды өңірінде жыл сайын өткізіліп келе жатыр.



• АБЫРОЙ БИГИНДЕ

Ерлі-зайыпты әріптестер әлемі

Стоматолог – беделді әрі абыройлы мамандық. Тіпті, дәл осы дәрігердің кез келгеніміздің өміріміздегі маңыздылығына баға берудің өзі де қиындық тудыратыны рас. Денсаулық сыр бермеген болса, гастроэнтеролог, невропатолог, кардиолог және тағы басқа салалық мамандарға жиі бас сұқпасақ та, жылына кемі бір рет стоматологқа айналып соғатынымыз бар. Себебі, ауыз қуысын қанша күтіп-баптасақ та, ерте ме, кеш пе, тістің бұзылатыны рас. Білікті стоматологтың көмегінің өздігінен қалпына келмейтін тіс емдеу бағасының жоғары болуы да, стоматологиялық қызметтердің сұранысқа ие болуы да осыдан.

Салтанат ІПНЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Білікті стоматологиялық қызметтердің кең спектрін ұсынатын «АКА-DENT» стоматологиялық клиникасын ашқанға дейін ерлі-зайыпты Бауыржан Тайгуков пен Мейрамгүл Шымбергекқызы дәл осы мамандықтың қыр-сырын меңгерді. Қазіргідей түрлі заманауи жабдық пен тіс емдеуге қажетті құрылғылар болмаған кездегі қиындығын көрді. Тәжіриберлердің емінен кейін жаны да, тәні де жадыраған емделушілерінің алғысына бөленді.

Бауыржан Тайгуков пен Мейрамгүл Шымбергекқызы студент кезінен бірге. Қарағанды мемлекеттік медицина институтының стоматология факультетіне бірге түсіп, 1985 жылы бірге бітірді.

Ал, еңбек жолын әуелде Жезқазған қаласынан бастады. Бауыржан Ноянұлы – хирургияда, Мейрамгүл Шымбергекқызы – терапия бөлімінде. Жезқазған облыс болып тұрғанда аталған өңірдің стоматология саласына қосқан үлесі де ұшан-теңіз. Ол кезде бүгінгідей жекеменшік тіс емханалары жоқ. Облыстық емханада жұмыс істей жүріп, тәжірибе жинады, шыдалды. Ал, Жезқазған облысын Қарағанды облысына қосқанда Қарағандыға көшуді ұйғарды.

Тынымсыз еңбек пен мамандығына деген сүйіспеншілік, әлбетте, нәтижесін бермей қоймайтыны анық. «АКА-DENT» стоматологиялық клиникасы соның нәтижесі. Дәл осы жерде келушілерге хирургиялық, тіс ауруларының алдын алу, имплантология тәрізді стоматологиялық қызмет түрлерін сапалы түрде көрсетеді. Олай деуге де негізі бар. Себебі, екеуі де стоматология саласына күні кеше келген маман емес. Тіс ауруларының, ауыз қуысы ауруларының түрлерін, оны қалай емдеу қажеттігін бүге-шігесіне дейін меңгеріп, әбден маманданған.

... Өмірде де, қызметте де мақсат-мүдделері ортақ Бауыржан Тайгуков пен Мейрамгүл Шымбергекқызы білікті маман ғана емес, ардақты ата-ана, құрметті ата-әже. Үш бала тәрбиелеп, бес немере сүйіп отыр.

• АЛҒЫС АЛҒАН АРЫМАС

«Мейірім факультетінің» түлегі

Отандық денсаулық сақтау саласында елеусіз қалған дәрігер мен қызметкер бар деуге ауыз бармайды. Себебі, адам және оның өмірі, денсаулығы үшін арпалыстың қаншалықты мәнді екені айтпаса да түсінікті. Бұл арада әрбір кәсіп маманының саналы әрекеті теңдессіз мәнге ие. Көзімізге анық көрінбегенмен, адам өмірін ажалдан аршалап алуда көп нәрсе «медбике» деп аталар мейірімдерінің қос қолында. Қай жерде мейлі, қандай жағдайда болмасын, бірде-бір дәрігер сенімді серіктеріңіз ойдағыдай қызмет атқара алмасы бесенеден белгілі. Ал, мейіріміз бұл тұрғыда кез келген операцияның дұрыс ұйымдастырылуына жауап береді. Осы орайда бүгінде емделушілердің риясыз алғысына бөленіп жүрген облыстық Х.Мақажанов атындағы клиникасы травматология және ортопедия іріңді-жарақат бөлімшесінің аға медбикесі Күміс Ибраеваның есепі еңбегі нақында аз-кем сөз етпекке бекіндік.

Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Саналы жұмырын адам денсаулығының салауаттығына арнаған Күміс Мұхамбетбекқызы 1974 жылы Қарағанды облысы Ақтоғай ауданында дүниеге келген. 1980 жылы Қ.Нұржанов атындағы орта мектептің табалдырығын аттаған бұлдіршіні бас уақытында дәрігер болып ойнайтын-тұғын. Білім орласының «тазалық санитары» болып та жүрді.

1991 жыл. Қазақстан Республикасын жаһанға егемендігін жариялап жатқан сындарлы кез. Ақмола

мемлекеттік медицина институтының мейірімізге ісі бөлімшесіне оқуға түскен ол бейне бір «Мейірім факультетіне» қабылданғандай күй кешкенін жасырмайды. Ол үшін ең бастысы – адамдарға көмектесу жолындағы кіршіксіз ақ ниет. Оның айтуынша, кәсіби медбикелер жан-жақты болуының өмірлік маңызы бар. Одан соңғысы тазалық сақтау, науқастарды күту, талдамалар алу, құжаттамамен жұмыс істеу – бәрін айна-қатесіз білуі керек.

1993 жылы оқуын табысты аяқтаған ол алғашқы еңбек жолын туған жері Ақтоғай аудандық ауруханасында рентген лаборант

болып бастады. 1995 жылы Қарағанды қаласының жекеменшік дориханасында қызмет атқарды. 1996 жылдан бастап Қарағанды облыстық Х.Мақажанов атындағы клиникасына мейіріміз болып орналасты.

Қажырлы еңбегінің арқасында Күміс Мұхамбетбекқызы 2003 жылы ІІ дәрежелі мейіріміз дәрежесін иеленіп, 2008 жылы жоғарғы дәреже қатарына қабылданған. 2020 жылы Қарағанды медицина университетінің академиялық бакалавр дәрежесін еншілейді. Әр жылдары «Үздік мейіріміз» сынды республикалық байқаулар жеңімпазы болып

танылып, Қарағанды облысының денсаулық сақтау саласындағы көп жылғы мүлтіксіз адал еңбегі, отандық денсаулық саласының дамуына қосқан жеке зор үлесі, жоғарғы кәсіптік жетістіктері үшін бірнеше мәрте Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарымен марапатталды. Бұл арада АМАНАТ партиясының атқарушы хатшысы А.Ораловтың қолынан еншіленген «Үлгі саулығының сақшысына айналып, дертке шипа іздеген жанқиярлығыңыз жоғары құрметке ие» деген Алғыс хаты қарапайым медбикенің өмірлік болмысын айғақтағандай.

Бүгінде аға медбике жоғары білікті жауапты маман, әріптестері арасында лайықты құрметке ие және жас мамандарға тәжірибесі мен білімін қуана бөледі:

– Мейіріміз өз жұмысын жақсы көруі, біліктілігін үнемі арттыруы және бүкіл қоғамның игілігі үшін адал еңбек етуі керек. Менің де бұл жолдағы бағыт-бағдар берген көшбасшы Марина Исмайлқызына ақжарма алғысым бар, – деп атап өтеді Күміс Ибраева.



Мейіріміз – науқастың саулығына дәрігермен бірдей жауапкершілікпен қарайтын денсаулық жандарының бірі. Дәрігер емінің нәтижелі болуы медбикенің емдомды уақытылы көрсетіп, өз міндетін жауапкершілікпен атқаруына тікелей байланысты екені анық. Түйіндей айтқанда, медицинадағы ауыр жүкті арқалайтын негізгі буын ретінде Күміс Ибраева сынды медбикелер науқастарға көмектесуді

алдыңғы кезекке қоятын, олардың сапалы ем алуын тікелей қадағалайтын, кейінгі толқын жас мамандарды тәрбиелейтін алтын көпір іспеттес. Жұмысы қиын, тірлік қауырт осындай мейірімізге еңбегінің жемісін күнде көріп отырады. Сырқатынан саулығын, ауруханадан шығып бара жатқан жандардың жүректен шыққан жылы сөздері мен ыстық лебіздері олар үшін кез келген марапаттан артық...

• РЕПОРТАЖ

Жаңа қоныс, жаңарған үрдіс

Облыстық балалар клиникалық ауруханасының ашылуы рәсіммен де аймақтың денсаулық сақтау салысындағы жағымды жаңалық болды. Бұл ең әуелі бөленбай жыл ескі ғимаратта еңбек етіп келген дәрігерлерге, кішкентай пациенттер мен олардың ата-аналарына жасалған жақсылық деуге болар. Енді, жаңа орында, заманауи аппараттармен дәрігерлердің көмек көрсетуі мүмкіндігі артады, ал, емделушілер жайлы орында болады.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Жер мен көктей»

Аурухана директорының орынбасары Жанат Елубаевпен қабылдау бөлімінің алдында кездестік. Аурухана ашылғаннан бастап операциялар жасалып, науқастардың орналастырыла бастағанын, ауруханаға енді үйреніп келе жатқандарын айтты. «Бұрынғы ғимаратпен салыстырғанда жер мек көктей» дейді белгілі хирург.

– Ол 1968 жылы салынған жатақхана ғимараты еді. Енді ойланғыз, жатақханадың бір бөлмесі – «операционный». Тар, санитарлық режимдерге сәйкес келмейтін жерде жұмыс істедік. Дәрігерге де, пациентке де жағдай жасалмаған еді. Жаңа аурухана – заманауи. Барлық талаптарға жауап береді, – дейді Жанат Қуандықұлы.

Бұрынғы ауруханада жоспарлы науқастарға бір, шұғыл түскендерге бір операциялық зал болса, мұнда әр саланың операция жасайтын өз залы бар.

– Урологиялық, нейрохирургтарға бөлек, хирургиялық патология, лор бөлімге арналған операциялық залдар бар. Және олардың есігі оқшауланған. Бұрынғыдай бір жақтан екінің жаққа тасымалымыз. Ешкім беталды кірмейді. Бұл инфекцияның алдын алады. Мұны аурухана ерекшелігінің бірі деуге келеді, – дейді хирург.

Заманауи жабдықтар – аурухананың тағы бір артықшылығы. Жанат Қуандықұлының айтуынша, мұнда облыста басқа емдеу орындарында жоқ аппараттар бар.

– Olympus 4K деген аппарат бар. Ол қан тамырларын анық көрсетеді. Қарасаңыз тамыр ішіндегі қан су сияқты болып ағып тұрады. Сондай-ақ, ол тереңдігі 7 мм болатын тамырды күйдіріп кесуге мүмкіндік береді. Бұрын болды. Бірақ, ол ондай қалың тамырды кесе алмайтын еді. Бұрын ашық түрде жіппен байлау арқылы ғана жасап жүрдік. Сонымен бірге С-дуга деген аппарат бар. Ол бүйректің, қуықтағы тасты операция кезінде көруге мүмкіндік беретін. Ескі ғимаратта біз кескеннен кейін немесе операция үстінде УДЗ арқылы көретін едік, – дейді дәрігер.

Алға қойған жоспар көп

Жанат Қуандықұлының сөзінше ауруханада әлі де жасалуы тиіс жұмыс көп



балаларға жалпы өңешті тоқ ішегімен ауыстыру қажет болады. Бірақ, бізде мұндай операция жасалмайды екен.

– Ондай науқастарды Астана мен Алматыға жібереміз. Өздері шет елдерге барады, ақша жинайды. Қазір мамандарды оқытып жатырмыз. Ондай отаны жасауға



екен. Оның ең бастысы балалар патологиясын бір жерге жинақтау. «Атында тұрғандай балаларға қатысты барлық аурулар осында болса» дейді ол.

– Қазір жарақат алған балаларды Х.Мақажанов атындағы клиникаға апарды. Біздің дәрігерлер сонда баруы керек болады. Мұның барлығы ыңғайсыз. Алдағы уақытта нейрохирургиялық бөлім орындарын көбейтсек. Қазір 8 орын бар. Ол аз. Күніне 5-6 бала бас ми жарақатымен түседі. Кейбірі ұзақ уақыт жатады. Терезеден құлаған, миы шайқалған, одан басқа, туа бітті аурулар да көбейді. Сондықтан, орын санын 20-дан асыру жоспары бар, – дейді дәрігер.

Оның айтуынша, қазіргі таңда балалар арасында өңеш жұтқыныштың күйіп қалуы жиі кездеседі екен. Терең күйген

мүмкіндік бар. Жылына 5-6 бала осындай күрделі операцияны қажет етеді. Одан бөлек, ауыз қуысы, өңешке жетпеген күйік 20-30 балада кездеседі, – дейді дәрігер.

Урологиялық операциялардың 95 пайызын эндоскопиялық әдіспен жасау мақсаты тұр.

Аурухананың ашылуында аймақтың денсаулық сақтау басқармасы басшысы Бибігүл Төлегенова мұнда бұрын болмаған жақ-бет хирургиясын ашылатынын айтқан еді. Ол жыл соңында немесе келер жылы ашылуы тиіс деп отыр Жанат Қуандықұлы да. Оның да себебі науқастар санының көбеюі.

– Мұның барлығын өз үшін ашқанымыз келеді? Біздің науқастарымыз басқа жаққа кетпеуі үшін. Барлығы өзімізге



жасалғанын қалаймыз, – дейді ол

Қазіргі уақытта мұнда 128 педиатр, 136 медбике бар. Барлығы 430 адам жұмыс істейді. Мамандарға тапшылық жоқ. Тек, кіші персонал қажет екен.

– Жаңа айтқандай, бұрын екі операциялық зал еді, мында барлығын қосқанда сегіз операциялық зал бар. Оның барлығын жуып-тазалайтын адам керек. Орын көбейту мүмкіндігі бар, – дейді директордың орынбасары.

Бұрынғы ауруханаға 290 адамға дейін қабылданды. Бұл – 200 адамдық. Орын тапшылығы болмас үшін ескі ғимараттағы быттыр-алдыңғы жылы алынған

Шунгит, сенсор, «ЛФК»

Аурухананың жаңалығы мұнымен бітпейді. КТ мен МРТ үздіксіз жұмыс істеп тұр. Жаңадан емдік денешынықтыру бөлмелері, тұзды, сенсорлы, тіпті, шунгитті бөлмелер ашылды. Зертханалық тексерістердің барлығы толығымен өздерінде жасалып келеді.

Одан бөлек, аурухана мамандары жылжымалы бригада құрамында тасымалдауға жатпайтын науқастарға барып, операция жасайды.

– Әдетте ол жаңа туған балалар. Ішек қуысы, тоқ ішегі жоқ сәбилер. Оларды ары-бері алып жүруге болмайды. Себебі, бала үшін арнайы орта жағдай болуы керек. Сондықтан, хирург, анестезиолог, операциялық медбике арнайы барады, – дейді Ж.Елубаев.

– Жапониядан арнайы әкелінген жеті төсек бар, – дейді дәрігер. – Ол күйік шалған балаларға арналған. Ондай балалар жиі түседі. Төсек баланың терісі мен сүйегі ойылмауына ыңғайланған әрі бактерияларды зарарсыздандырады. Науқас ауада қалықтап жатқандай сезіледі. Күймей-ақ қойсын балалар. Дегенмен, ол төсектер дайын.

Біз сөйлесіп тұрғанда 4-5 жасар бала келді. Жанат Қуандықұлы баланы бірден таныды. «Бұл баланың анасы батыр» деді сосын. Баланың туғанда ішектері сыртында болыпты.

– Анасы «сізге сенемін» деді. Басқа ештеңе айтқан жоқ. Төрт рет операция жасалды. Қазір шауып жүр, – дейді хирург.

Жанат Қуандықұлы ата-анасының сенімі, қабылдауы операцияның өтуіне де әсер етеді деген ойды айтты.

– Кейбір адамдар сенбей тұрады, күмәнданып тұрғаны бірден білінеді. Сондықтан, ата-ананың ниеті маңызды. Кейбір ата-аналар үнемі жазып, хабарласып, балаларының өсіп қалған суреттерін жіберіп тұрады. Кейде болады, көрсе де көрмегендей жүретіндері. Бірақ, біз өзіміз ота жасаған баланы қанша уақыт өтсе де жазбай танымыз. Баланың денесінде қолымыздың табы қалады себебі, – дейді дәрігер.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ.

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Арқа медицинасының альмаматері

Білікті маман қайдан шығады? Адамның ізденуіне, дамуына, кемелденуіне мүмкіндік беретін ортадан деуге болады. Қарағанды медицина университеті – денсаулық сақтау саласына білімді маман, білікті кадр даярлап келе жатқан орда. Медицина саласындағы жетекші оқу орны білім беру, ғылым, емдеу-диагностикалық қызмет көрсетуде өзіндік орны, жоғары беделі бар. Медицина қызметкерлері күні қарсаңында аймақтың ғана емес, еліміздің денсаулық сақтау саласы мамандарын әзірлеуде сүбелі үлесі бар университеттің ректоры Анар Тұрмұхамбетоваға бірқатар сауал жолдадық.

– Елде медициналық қызметкерлерге тапшылық бар. Университетті жылына қанша түлек бітіріп шығады? Қай мамандықтар басым?

– Негізгі мұны тапшылық дегеннен гөрі мамандарды рационалды бөле алмау десе болатындай. Себебі, жыл сайын ел бойынша медициналық оқу орындарын бітіріп шығатын түлектер саны жетерлік. Біздің университет облыстық денсаулық сақтау басқармасымен, Қостанай, Ұлытау облыстарымен тығыз жұмыс істейді. Жылына 450 адам клиникалық мамандықтар бойынша, тағы 200 адам фармацевта, қоғамдық денсаулық сақтау, медбике сияқты клиникалық емес мамандықтарды бітіріп шығады. Одан бөлек, резидентура деңгейінде 300-ге жуық адам түлек бар.

– Жас маманға жұмыс табу оңай ма? Ауылға барғысы келетіндер көп пе?

– Біздің түлектеріміздің 95 пайызы жұмыспен қамтылады. Әдетте оқытудың соңғы жылында олар келісімшарт негізінде жұмыс орындарын анықтап алады. Бітірген кезде қай облыста, қай жерде жұмыс істейтіндерін нақты біліп отырамыз.

Ауылдардағы кадр мәселесі әлі де өзекті. Ауыл квотасымен жыл сайын гранттар бөлінеді. Барлық бөлінген гранттың 30 пайызы ауыл квотасымен оқиды. Сәйкесінше, олар оқу бітіргеннен кейін ауылдық жерлерде жұмыс істеу міндеттемесін мойнына алады. Екінші мәселе, олардың сонда орнығуы. Бұл мәселені жергілікті әкімдік шешеді. Барлық жағдай жасалса, сол жерде тұрақтап қалады. Мұндай міндеттемеден әскери қызметкерлердің зайыбы, аяғы ауыр және кішкентай баласы бар әйелдер босатылған.

– Осы орайда студенттерге бөлінетін грант көлеміне тоқталып өтіңізші. Қандай мамандықтарға көбірек бөлінеді?

– 2700 грант жыл сайын бөлінеді. Оның 2500-і медицина бағытына. Резиденттерді даярлауға 2 мың шамасында. Басым мамандықты қажеттілікке қарай денсаулық сақтау басқармасы реттейді. Мәселен, қазір акушерлік-гинекология, неонатология, педиатрия, жалпы практика дәрігері, анестезиолог-реаниматолог сынды мамандықтарға көп бөлінеді.

– Болашақ дәрігерлерді оқыту жүйесінде өзгеріс бар ма?

– Болашақ дәрігерлерді оқыту өткен жылдан бастап өзгерді. Жаңа стандарт енгізілген. Енді медицина, педиатрия, стоматология, санитарлық дәрігерлерді оқыту интеграцияланған жүйемен жүзеге асады. Онда бакалавриат пен магистратура біріктірілген. Түлек магистр деңгейін алып, дәрігер кәсібін меңгеріп шығады. Клиникалық практикандан өту резидентуранан кейін ғана рұқсат етіледі. Яғни, резидентура мерзімі біршама ұзарады. Бұл бітіріп шығатын дәрігерлердің сапалы маман болуына бағытталған. Мәселен, АҚШ-та 10-12 жыл оқиды. Біз халықаралық стандарттарды енгізуге

• ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

Еңбегімен елеулі Еркін

Медицина қызметкерлерінің күні қарсаңында Шахтинск қаласының Мәдениет үйінде осы мерекеге байланысты салтанат өтті. Онда қаладағы медицина мекемелері мен ұйымдарының өз ісін абыроймен атқарып, кәсіби біліктілігімен көзге түскен басшылары мен мамандары марапатталды. Солардың арасында қалалық мәслихаттың Құрмет грамотасы Шахтинск қалалық санитарлық-эпидемиологиялық басқармасының басшысы Еркін Бейсембаевқа берілді.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы 18 қыркүйекте пайғамбар жасына келетін Ерекеннің ел алдындағы еңбегі еленіп, сый көргені бір бұл емес. Оның алған осындай Құрмет грамоталары мен Алғы хаттарынан бөлек, өңірінде «Ерен еңбегі үшін», «Халық алғысы», «Қазақстан Республикасына – 30 жыл» медальдары жарқырайды. Осының бәрі медицина саласында арнаған отыз жылдағы қызметінің арқасы. Мұндай дәрежеге ол бірден көтеріліп, қол жеткізген жоқ.

Өткенді ойға оралтсақ, Еркін бір кезде аудан орталығы болған

Егіндібұлақ ауылында тұрған Дәнен мен Әнел Бейсембаевтар отбасындағы сегіз баланың үлкені еді. Марқұм анасы үй шаруасында болып, бірінші бала тәрбиесімен айналысса, қазір 84 жастағы әкесі өмір бақи байланысы болып істеген. Бірақ Еркін әке жолын қумады. 1978 жылы ауылдағы орта мек-тегі бітірісімен Отан алдындағы борышын өтеп келеді. Келе салып Қарағанды мемлекеттік медицина институтының жұмысшы факультетінде бір жыл оқып, осы жоғары оқу орнының санитарлық-гигиеналық факультетіне түскен.

Алғаш еңбек жолын ол кіші медициналық қызметкер ретінде кезіндегі Егіндібұлақ ауданында са-

– Университетте оқытушылар мен студенттердің ғылыммен айналысуға мүмкіндігі бар ма?

– Бізде молекулярлық-генетикалық үлкен зертхана, сондай-ақ, санитарлық-гигиеналық зертхана бар. Мұнда студенттер мен оқытушылар өздерінің ғылыми жобасымен айналысады. Олар Денсаулық сақтау,



талпынамыз.

– Бір кездері педиатрия бойынша маман даярлау тоқтап қалған болатын. Қазір бұл бағытта оқыту қалай жүріп жатыр?

– Педиатрларды әзірлеу тоқтаған емес. Тек басқаша болатын. Педиатрларды әзірлеу бір кездері резидентура бағдарламасы арқылы жүргізілді. Интернатурада педиатрия бағыты болған. Оны бес жыл оқығаннан кейін біреуі хирургия, бірі терапияға, енді бірі педиатрияға кететін, сосын әрі қарай резидентурада оқитын. 2019-2020 жылдардан бастап С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде педиатрия факультеті ашылды. 2021 жылы бізде де ашылды. 129 адам оқып жатыр.

– Президент аймаққа жасаған сапарында университет клиникасын ашу туралы айтып еді. Бұл мәселе қолға алынды ма?

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Денсаулық сақтау министрлігі, облыс әкімдігі бірлесіп университет клиникасының құрылысын қолға алды. Клиника мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында салынады. Барлық құжаттамасын Азия даму банкі жасауда. Қазір конкурстық құжаттарды келісу жүріп жатыр. Біткеннен кейін министрлік конкурс жариялайды.

Қазір де университеттің өз клиникалары жұмыс істеп тұр. Біз бұрынғы мейіргерлік күтім клиникасы ғимаратын сенімгерлік басқаруға алғанбыз. Ол – хирургия, терапевтік науқастар жататын 100 орындық аурухана. Ковид кезінде вирус жұқтырғандар жатты онда. Кәсіптік аурулар клиникасы бар. Онда кәсіби сырқатқа шалдыққандар емделеді, сарапшылық кеңес алады. Стоматологиялық клиника да үздіксіз адам қабылдайды.

Ғылым және жоғары білім министрліктері қаржыландыратын ғылыми жобалар жасайды. Еуропа кеңесі қаржыландыратын да жобалар бар. Зерттеулер тақырыбы молекулярлық-генетикалық зерттеулерден бастап, қоғамдық денсаулық сақтау, сонымен қатар, білім беру салаларына қатысты.

– Отандық және шетелдік басқа оқу орындарымен байланыс жоғары болар онда?

– Университеттің еуропалық, сондай-ақ, азиялық университеттермен байланысы зор. Бізді олармен бұрыннан қалыптасқан ортақ жобаларды жүзеге асырудағы серіктестік қатынастар тығыз байланыстырады. Франция университеттері, Литвадағы Вильнюс университеті, Малайзияның халықаралық университетін мысал ете аламын. Біздің студенттер студент медиктердің халықаралық ассоциациясына мүше. Бізде олардың бөлімшесі бар. Сол бойынша шетелдік студенттер бізге, біздікілер шетелге барып оқиды. Оқытушыларымыз шетелдік ЖОО-ларда дәріс беріп, тағылымдамадан өтеді. Сонымен қатар, Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетімен, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетімен байланыс орнаған. Ортақ жобаларымыз бар. Мәселен, техникалық университетпен бірлесіп ІТ медицинаны қолға алдық. Клиникалық психологияны Қарағанды мемлекеттік университетімен дамытып жатырмыз. Жалпы, университетте білім алушылардың ғылыммен, шығармашылықпен, спортпен айналысуына, жан-жақты дамуына мүмкіндік жасалған.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан
Жансая ОМАРБЕК

• БІЗДІҢ ДӘРІГЕР

Науқасты жеңілмеуге жетелеу қажет

Қарағанды облысында Анатолий Красноженті білмейтін адам кемде-кем. Емделушілеріне Төлеген атымен танымал білікті онколог, уролог дәрігердің кәсіби біліктілігіне бөлек азаматтық келбеті, науқасқа деген ықыласы, қазақ халқына деген құрметі ерекше.

Сағынш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Адам емдеу – үлкен жауапкершілік. Алдына келген науқастың сырқатын дәл табудан бөлек, оған моральдық-психологиялық тұрғыда демеу жасаудың да маңызы зор. Жаңға батқан сырқат, ұзаққа созылған емдеу шаралары, сол сырқатпен жүру, соңында дертті жеңе аласың ба, жоқ па білмей өмір сүру оңай емес. Дегенмен, білікті маманның қолына түсіп, дер уақытында ем алсаң құлан таза айғыр кету мүмкіндігі зор. Науқасқа кәтерлі диагнозы жеткізіп, оның бұл аурудан емделсе, айғыр кететініне сендіру осы салада 20 жылдық тәжірибесі бар Анатолий Федорович секілді білімді мамандардың ғана қолынан келеді.

Адамның дертіне шипа, жанына жалау болып жүрген дәрігер осы мамандықты әкесінің айтуымен таңдаған екен. Онысына өкінбейді. Себебі, әр күні үшін күресіп жүрген пациенттер арқылы өмірдің қадірін түсінді. Жарық дүниенің жарқын сәтін сезіну бақыты өзгелерге де сыйлады.

– Ол кісіге деген ризашылығым шексіз. Зейнеткерлік жасқа дейін «ауырдым» деп айтапқан анам, аяқ астынан сырқаттанып



қалды. Облыс орталығына барып, барлық тексерістен өтіп, жаман ауруға шалдыққанын білдік. Анамның өзі «емделіп қажеті бар ма екен?» Жазылып кетем бе, әлде кішкене болса да, балаларымның қасында жүре тұрайын ба?» деп екі ойлы жүрді. Күн сайын солып бара жатқан жүзін көріп жүрегім қан

жылайтын. Көз жанары сөніп бара жатты. Араға біраз уақыт салып, облыстық онкология орталығына келіп, ем ала бастады. Емделуші дәрігерінің жылы шыраймен қарсы алғаны анамның көңіліне сенім ұялатқандай болды. Бұл біздің дәрігер Анатолий Красноженті болатын. – дейді Қарқаралы қаласының тұрғыны Диана Қалиақпарқызы.

Иә, мұндай жылы ләззіттер жетерлік. Әсіресе, ол кісінің алдына келгендерге сырқаты туралы қазақ тілінде түсінікті жеткізгенде таңқалып қалатындары да бар.

– Мен үшін қазақтың «Ассалаумағалейкум» деп амандасуынан асқан құрмет жоқ. Ауыз толтырып, әуезді күйде жеткізуде үлкен құдірет жатыр. Өзім қазақ тілін мектеп қабырғасында жүргеннен бастап үйрендім. Маған біздің елдің бай салт-дәстүрі ерекше ұнайды. Өзім баяндамаларды қазақша жасаймын. Бастапқыда бәрі таңқалатын, қазір үйренді. Сырқат деңгейлері мен диагнозын, емделу шараларын қазақ тілінде түсіндіргенде көп адамдар қуанып жатады. Қазақша түсінгеннен бөлек сөйлей білу міндет деп ойлаймын. Оның еш қиындығы жоқ, бастысы ынта керек, – дейді онколог дәрігер.

Дәрігер де ет пен сүйектен жаралған.

Дерек пен дәйек

• Денсаулық сақтау министрлігінің дерегіне елімізде онкологиялық аурулар барлық аурулар құрылымында 7-орында, өлім-жітім бойынша қанайналым жүйесі ауруларынан кейін 2-орында тұр. Қазіргі таңда 205 мыңнан астам пациент динамикалық бақылауда. Жыл сайын 37 мыңнан астам жаңа жағдай анықталады. Әйелдер ерлермен салыстырғанда сәл де болса жиірек ауырады екен. 57. Бұл бірінші орында сүт безі обырының болуымен байланысты. Еңбекке қабілетті адамдардың сырқаттануы 56%-ды құрайды.

• Аурушандықтың құрылымында бірінші орында сүт безі обыры (13,2%), екінші орында өкпе обыры (10%), үшінші орында колоректалдық обыр, яғни ішек қатерлі ісігі (9,3%) тұр.

• Жыл сайын елде қатерлі ісіктен 13 мыңнан астам адам қайтыс болады екен. Өкпе обыры (16,3%), асқазан қатерлі ісігі (12%) және үшінші орында тоқ ішек обыры (10,6%) өлімге себеп болады.



ры 14 маман жұмыс істейді. Олар Шахтинск қаласы мен оған кіретін Шахан, Долинка, Жаңа Долинка кенттері аумағында санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылық саласындағы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау мен қадағалауға жататын өнімді, оның ішінде тамақ өнімін бақылау мен қадағалауды, техникалық регламенттерде белгіленген және биологиялық қауіпсіздік саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды, сон-

дай-ақ, биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды реттеп, орындайды. Соның нәтижесінде өткен жылдың қорытындысы бойынша Шахтинск аймағындағы санитарлық-эпидемиологиялық жағдай қанағаттанарлық болып отыр. Тұрғындар арасында дизентерия, салмонеллез, вирусты А гепатиті, С және В гепатиті, полиомиелит, дифтерия, сіреспе, паротит, қызылша, көк-жөтел сияқты аса қауіпті жұқпалы

ауруларға шалдыққандар жоқтың қасы.

Ал биылғы бес айда да Шахтинск қаласының санитар-эпидемиологиялық облыс бойынша бәсі жоғары. Міне, бұл шаруаларды барлығы да білікті маман, еңбегімен елге елеулі Еркіндей іскер азаматтың басшылығымен жүзеге асырылып жатыр десек, артық айтқанымыз емес.

ШАХТИНСК

• ҚҰҚЫҚ

«Бақылау-қадағалау Кәсіпкерлік кодексімен реттеледі»

Мемлекет кәсіпкерлікті – экономиканың драйвері деп біледі. Бүгінде оның дамуы үшін кедергілерді болдырмау мақсатында құқықтық тұрғыда барынша қолдау көрсетеді. Адал бизнеске – ашық қоғамды қамтамасыз етуді көздейді. Кәсіпкерлік субъектілері сол себептен де құқық қорғау ұйымдарының ұдайы назарында. Ал кәсіпкерлікке міндетті бақылау және қадағалау қалай жүргізіледі? Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы прокуратурасының бөлім прокуроры Тоғжан Валиева осы тақырыпта аз-кем сұхбат берген еді...

– Кәсіпкерлердің құқық қорғаудың қайнар көзі не? Мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың міндеттеріне тоқталсақ...

– Адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне төнетін қатерді болғызбау мақсатында кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі мемлекет тарапынан міндетті бақылауға және қадағалауға жатады. Өз кезегінде, кәсіпкерлердің құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау қызметі Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексімен реттеледі.

Мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың міндеттері – құқық бұзушылықтардың, зиян келтірудің алдын алу. Сонымен қатар, мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың адал субъектілерін ынталандыру. Ал

құқық бұзушылықтар анықталған кезде оларды жоюға қатысты шаралар қабылдау қажет.

– Қадағалау мен бақылаудың айырмашылығы неде сонда?

– Мемлекеттік қадағалаудың мемлекеттік бақылаудан айырмашылығы – оны жүзеге асыру барысында жедел ден қою шараларын қолдану құқығы қарастырылғандығында. Ол Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген. Қоғамдық қауіпті салдарлардың туындауын болдырмауды мақсат тұтады. Кодекстің 137-бабында бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне бақылау нысандары бекітілген.

Бақылау және қадағалау органы бақылау мен қадағалау субъектісіне, объектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды және тексеруді мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызады: жоғары тәуекел,

орташа тәуекел және төмен тәуекел. Қызмет салаларына, бағалау критерийлеріне және тәуекелдер дәрежесінің түріне байланысты тексерулер жүргізу жиілігі айқындалады. Тексеру парақтарында белгіленген талап-

мағына сәйкес тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі автоматты режимде қалыптастырған график талаптарға сәйкестік тұрғысынан тексеру тағайындауға негіз болып табылады. Негізінен бақылау

Жоспардан тыс тексеру прокуратура органдарының тапсырмалары, мемлекеттік органдардың жолдама мен нұсқамаларының орындалуын бақылау мақсатында тағайындалады. Жоспардан тыс тексеру негіздерінің толық тізбесі Кодекстің 144-бабының 5-тармағында бекітілген.



тар ғана тексеруге және бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауға жатады.

Кодекстің 144-бабының 2-тар-

мағына сәйкес тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі автоматты режимде қалыптастырған график талаптарға сәйкестік тұрғысынан тексеру тағайындауға негіз болып табылады. Негізінен бақылау

Кодекстің 144-бабының 4-тармағына сәйкес бақылау және қадағалау органы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне төнетін қатерді алдын алу және (немесе) оны жою мақсатында, нақты бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты жоспардан тыс тексеруді тағайындауға негіз болған нақты фактілер мен мән-жайлар бойынша тағайындайтын тексеру жоспардан тыс тексеру болып табылады.

тыс тексерудің негізі сенімді негіздер және растайтын дәлелдемелер болған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар бойынша жеке және заңды тұлғалардың жолданымдары, сонмен бірге, жоспардан тыс тексеру прокуратура органдарының тапсырмалары, мемлекеттік органдардың жолдама мен нұсқамаларының орындалуын бақылау мақсатында тағайындалады. Жоспардан тыс тексеру негіздерінің толық тізбесі Кодекстің 144-бабының 5-тармағында бекітілген.

Бақылау мен қадағалау субъектісіне, объектісіне бару арқылы алдын ала бақылауды және тексеруді жүргізу мерзімдері алдағы жұмыстардың көлемі, сондай-ақ, қойылған міндеттер ескеріле отырып белгіленеді. Кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары, сондай-ақ, бақылау және қадағалау субъектілері бойынша өзгешеленеді.

Кодекстің 157-бабында бақылау мен қадағалау субъектісі құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда бақылау және қадағалау органдары мен лауазымды адамдардың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану құқығы көзделген.

Аудан прокуратурасы жанында мемлекеттік органдар тарапынан заңсыз тексерулер және құқықтарды, заңды мүдделерді бұзу фактілері бойынша әрбір кәсіпкер жүгіне алатын бизнес құқықтарын қорғау жөніндегі мобильді топ жұмыс істейді.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әнгімелескен Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ

• ЕҢБЕГІМЕН ЕҢСЕЛІ

Мықты маман қайда да бағалы

Дәрігер болу шыдамдылықты, жауапкершілікті, мамандығына адалдықты қажет етеді. Қазір ауыл халқы дәрігерлерге мұқтаж. Жас мамандар ауылдық жерге бара бермейді. Ал, біздің кейіпкеріміз табан аудармастан антына адалдық танытып келе жатқан жан. Шет аудандық орталық ауруханасының медициналық статист қызметінің қыры мен сырына қанық Светлана Қабылбекқызы аудан жұртшылығы жақсы біледі.

Нұрәес КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Светлана Жұмбабай Балқаш қаласында туып өскен. Сонда сегіз жылдықты бітіріп, медицина саласын тандайды. Қиындықты жеңу, мықты дәрігер атануды мақсат еткен қарапайым қыз Балқаш қа-

емес. Ол үшін шыдамдылық пен білімге деген құштарлық алдыңғы орында тұру керек. Міне, осындай қасиеттің арқасында Светлана Қабылбекқызы оқу орнын ойдағыдай аяқтап, білікті маман ретінде танылды. Алғашқы еңбек жолын 1984 жылы балалар ауруханасының интенсивді терапия



ласындағы медициналық училищеге оқуға түседі. Бұл – арманына жетуге жасаған алғашқы қадам болатын. Қиын, әрі жауапкершілігі мамандықты игеріп шығу оңай

бөліміне медбике болып бастайды. Екі жылдан кейін өмірлік серігі Болат Жұмбабайды кездестіріп, Шет ауданы Ақсу-Аюлы ауылына көшеді. Сол жерде учаскелік бала-

лар медбикесі қызметіне жұмысқа қабылданды. Көп жылғы еңбегі ескеріліп, 2004 жылдан бастап медициналық статист лауазымына тағайындалды.

– Аға буын дәрігерлерден үйренгім көп. Жас маманның тәжірибесін шыңдап, ақылшы болған ұстаздарыма алғысым шексіз. Аналарға дәрігерлік кеңес беріп, балалардың арасындағы ауру-сырқауды азайтуға тырыстық. Сүрінгенге сүйеніш, құлағанға таяныш болып жүретін мейірімді медицина қызметкерлерінің қызметі аса маңызды. Ізгілікті істе ірікпейтін жанашыр жандардың еңбегі ерен, – дейді бүгінде тәжірибесі толысқан ақ халатты абзал жан.

Қызметтегі міндетінен бөлек, отбасына аналық жылу сыйлаған ол жұбайымен төрт ұл, бір қыз тәрбиеледі. Ұлдарын ұяға, қызын қияға қондырған бақытты жандар. Үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетіп, ордалы, өсіп-өнген әулетке келін болған ана, ата-енесінің, үлкендердің батасын алып келеді.

Үш жыл бұрын көпбалалы ана ретінде зейнетке шыққанымен, әлі де еңбекте. Себебі, Светлана Қабылбекқызы секілді білікті, өз ісін сүйетін мамандар жастар үшін тәлімгер.

Мықты дәрігер мезгіл де, мекен де таңдамайды. Нағыз дәрігер өз қызметін адал атқарады. Күрделі де, жауапкершілігі мол мамандығының арқасында аудан тұрғындарының денсаулығын қадағалап, медициналық көмек көрсетіп жүрген Светлана Қабылбекқызына жергілікті халықтың алғыстан басқа айтары жоқ. Бұл да болса үлкен абырой, адал еңбектің жемісі.

Шет ауданы

• АКЦИЯ

Дәнігу оңай, арылу қиын

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінде нашақорлыққа қарсы күрес жөніндегі ведомстволық штаб отырысында Халықаралық нашақорлықпен күрес күніне арналған есірткіге қарсы айлық шарасының ашылуы сөз болған-тын.

Осыған орай Қарағанды-Сұрыптау станциясындағы желілік полиция бөлімі есірткі қылмысына қарсы күрес бөлімшесінің қызметкерлері «Құқық» қоғамдық қоры, «Үміт» оңалту орталығы, облыстық психикалық денсаулық орталығы өкілдерімен бірлесіп отырып, Қарағанды теміржол вокзалында «Нашақорлыққа және есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес күні» акциясын өткізуде.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Акцияның негізгі мақсаты – Қарағанды қаласының тұрғындары мен қонақтарына салауатты өмір сал-

нигі Бағлан Жарылқасынұлы.

Қазіргі таңда Қарағанды қаласында есірткі тасымалдаушылар мен оны тарататын (закладчиктер) оқтын-оқтын құрықталып жатыр. Бұл заңсыздықтың алдын алу мақ-

руда.

Олар Теміржол вокзалындағы лэд-экрандардан есірткі тасымалдаушының құрықталғаны туралы бейнеролик көрсетіп, тасымалдаушының психикасына әсер етуге болатынын айтады.

– Есірткінің барлық түрі – өте қатты әсер ететін у, адамның физикалық және психикалық денсаулығы үшін өте зиян. Есірткіге тез үйреніп алуға болады. Ал, арылу қиын. Тіпті, адам өзі қалап тұрса да, бас тарту мүмкін емес. Біздің басты міндетіміз осы ақпараттың барлығын қала қонақтары мен тұрғындарының санасына сіңіру. Сондай-ақ, тасымалдаушыға есірткі сатып немесе



тын ұстануға шақыру, есірткі тұтынуға қарсы ұстаным қалыптастыру, балалардың болашағы үшін отбасы негіздерін күшейту болып табылады, – дейді Қарағанды-Сұрыптау станциясының желілік полиция бөлімінің бастығы, полиция полков-

сатында құқық қорғау органдары күн-түн демей жұмыс істеуде. Қарағанды-Сұрыптау станциясындағы желілік полиция бөлімі соның бір бөлігі ретінде тұрғындарды түрлі акция мен бағдарламалар арқылы салауатты өмір салтын ұстануға шақы-

тасымалдағанның арты жақсылыққа апармайтындығын жеткізеді, – дейді Бағлан Жарылқасынұлы.

Сондай-ақ, жолсаушыларға «Берік отбасы – есірткіден алшақ», «Жастар – есірткіге қарсы» деп аталатын буклеттер таратылды.

Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының № 2 аудандық сотына Николай Владимирович Бескарагайды бұрын Қарағанды қаласында Сатыбалдин көшесі, 13/2 үй, 89 пәтерде тұрған деп жариялау туралы өтініш берілді. Барлық мүдделі немесе осы факті бойынша ақпаратты бар тұлғаларға Қарағанды к., Бұқар жырау д. 37, жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде.

№370

01.01.1945 жылы туған Караша Сабырбаеваның атына берілген «Алтын алқа» кітапшасының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

№316706966473

Қарағанды Шинсервис ШИНАЛАР

Арнайы дилер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матдор» ЖАҚ

• жеңіл автокөліктер үшін
• жеңіл жүк көліктері үшін
• тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
• арнайы техникалар үшін

БӘ АРАҢ ШИНАЛАР САТПАЙМЫЗ, БӘ АРАҢДА БАҒА САТАМЫЗ

Қарағанды қ., қойма: Асфальттық көш., 22, дүкен: Бытовоя көш., 14/1
тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800

Электрондық пошта:

ortalyk.kaz@mail.ru

Қарағанды облысы: ауа райы

	17 маусым	18 маусым	19 маусым
Қарағанды қаласы	+28 +12	+32 +15	+28 +19
Абай ауданы	+29 +11	+32 +11	+29 +19
Ақтоғай ауданы	+30 +10	+31 +15	+29 +16
Бұқар жырау ауданы	+29 +14	+21 +15	+27 +18
Қарқаралы ауданы	+27 +12	+30 +14	+27 +17
Нұра ауданы	+29 +13	+32 +13	+31 +18
Осакаров ауданы	+27 +11	+31 +13	+28 +17
Шет ауданы	+30 +12	+31 +13	+27 +19

Ақпарат <https://www.gismeteo.kz/> сайтынан алынды

